



Шаттық шеңбері

Анашым

1. Оянғанда түнде жұбатып,
Ақ сүт беріп өсірген.
Басқанымда тәй-тәй қуанып,
Тұсауымды кестірген.

Қайырмасы:

Анашым құдіретіңе табынамын,
Көрмесем бір күн сені сағынамын.
Анашым қартаймашы жалынамын.


2. Көз алдымда дәурен балалық,
Тілімді алмай өсірген.
Балалықпен қоса шалалық,
Әр кез мені кешірген.

Қайырмасы:




Сабақтың тақырыбы:

**ТАМЫРЫН
ЖАЙЫП
ТЕРЕҢГЕ**



*оқушыларға
отбасы
құндылықтары,
ата-баба дәстүрі,
ұрпақтар
сабақтас­тығы
туралы түсіндіру.*

*Сабақтың
мақсаты*



*Отбасы бақыты дегенді қалай
түсінесіңдер?*

*Ол кімдерге байланысты деп
ойлайсыңдар?*

*Отбастарыңда қадір тұратын
қандай құндылықтар, дәстүрлерің
бар?*

*Өз отбасың үшін алаңдайсың ба,
жауапкершілік сезінесің бе?*





Отбасындағы өзара қарым-қатынас сыйластыққа, құрметке, қайырымдылыққа құрылуы тиіс. Отбасының әрбір мүшесі бір-бірінің алдындағы парызы мен борышын, жауапкершіліктерін сүйіспеншілікке өзара сыйластық пен құрметке негізделген жағдайда шаңырақта шаттық, қуаныш, түсіністік орнайды.






“Ақылды егінші” мәтіні

Егіншінің қанағаты мен бақытты күйінің сыры неде?

Сен өз ақшанды қалай жұмсар едің?



Өз отбастарыңда үлкендердің
айтқан ақылдарын естеріңе
түсіріңдер, олардың мағынасын
ашып, дәптерлеріңе жазыңдар.



Б. Момышұлының “Ұшқан ұя” шығармасынан үзінді

*Бауыржан атаның ата-анасын,
отбасы мүшелерін жоғары
бағалауының себебі неде?
Сенің өміріңде кімдер із
қалдырды?*

Міне, дастарқан жасалып, буы бұрқыраған сары самаурын ысқырып демігіп ортаға келді. Сол сәтте-ақ қаймақ қатқан қызыл күрең қою шайдың хош иісі бұрқ ете түсті. Бүкіл үйдің іші көзге көрінбес тек жүрекпен ғана сезінер әсемдікке бөленді. (С.Мұратбеков)

Қарайып отырған, қарапайым ғана қариясы бар үйдің отбасында ерекше бір жылу, береке құт болдаы. Атам қуанғанда мереке күн сияқты көңілімізді шаттық толқыны кернейді, үйдегі бар зат көріктеніп, күн сәулесі мол түскендей әсер етеді. Өйткені атам шынайы қуана біледі, өзінің ақ жүрегiнiң мейiрiм шуағын бүкпесiз жайып салады. Бүгiн сондай бiр күн болып тұр. (З.Ахметова)

Момын шалды осы маңайдағы салауатты жұрттың барлығы Елпек Момын дейтін. Елпек атануы шалдың өзінен, өйткені бұл үлкен болсын, кіші болсын бәріне қол ұшын беріп, көмек көрсетуге әрдайым дайын тұрады. Туыс болсын, көз таныс болсын, істейтіні сол, бәріне дайын, бәріне қайырымды, бәрінің іші-бауырына кіріп тұрады. Иман жүзді, мейірбан шалдың жүзі әр уақытта «Саған не керек?» Жаның не қалайды? Не жақсылық істесем ойыңнан шығам? Айтсаңшы енді өзің? Мен сенің қай кәдеңе жарармын?» деп тұрғандай. (Ш.Айтматов)



Үй тапсырмасы
Өз ата, әжелеріңнен
ұрпақтарына қалдыратын
немесе қалдырған өсиеттері
туралы сұрап, қысқаша
шығарма жазу.



Жүректен жүрекке

*Бір бірімізге мына гүл
шоғын ұсына отырып
жылы тілектерімізді
білдірейік*



**Педагог-психолог Г.М.Байбосинованың
“Тамырын жайып тереңге” тақырыбында
өзін-өзі тану сабақтарының сұрақтарға
жауап беруі**



Шаттық шеңбері



Жұбанова Баян



Тастамбекова Мариям



Оқушылар бейнеклип тамашалауда



*Қатысушылар:
мектеп әдіскері-Алдышева Р.И.,
колледж әдіскері-Жатаева Г.Т.
ӘБЖ Кабзолина Р.Б.,*



*Жанбыршиева Рысты, оқушылар
бір-біріне жылы тілектерін білдіруде.*